



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2025

УДК 657.6
ББК 65.052
С23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности » = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 359 б.

ISBN 978-601-385-061-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-385-061-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

СОДЕРЖАНИЕ

Секция 1. Роль органов государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и экономической безопасности	
Базарбай А.Б. , Әбдіқадыр А.Е. Міндетті аудит объектілеріндегі аудиттің экономикаға әсері	6
Байбозин Ж.Е. Қазақстан Республикасының экологиялық аудит жүйесінің қазіргі жағдайын талдау	11
Бияшева Н.С. Совершенствование систем управления рисками в государственном аудите: проблемы и перспективы	16
Бияхмет А.А. Методологические подходы к аудиту эффективности бюджетного финансирования транспортной отрасли в казахстане	22
Жанабаева Т.М. Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижелері	25
Маматаева Д. Аудит эффективности цифровизации налоговых систем в казахстане: проблемы и перспективы развития	31
Мәмшетов С.Ж. Агроөнеркәсіптік кешенге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділік аудиті	36
Рапилбекова А.Г. Аудит эффективности реализации государственной политики в области здравоохранения	42
Талғаров Д.Д., Саржакова Ж.Р. Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау	50
Тохтахметова М.А. Қазақстан азаматтарының қоғамдық мемлекеттік аудитке қатысуы	57
Секция 2. Современные аспекты развития государственного аудита в повышении эффективности государственного управления	
Абдрашов А. М. Международная практика поддержки экспортеров и оценка её эффективности	63
Ахмедия А. Қазақстандағы міндетті аудиттің маңыздылығы	66
Мырзабек Г.М. Алибай А.Д. Аудиторлық тәуекелдерді бағалау	69
Алибекова А.Б. Ерсайынова М. Сембиева Л.М. Foreign experience of environmentally oriented state audit	74
Аманжан С. А. Цифрлық экономикаға көшу кезіндегі мемлекеттік аудиттің әлеуетті мәселелері	80
Анетова А.Н. Мемлекеттік органдардағы бизнес-процестердің реинжинирингі: мемлекеттік аудиттің тиімділігіне әсері	86
Әлімбек Ә.Г. Оценка государственной инвестиционной политики Республики Казахстан на соответствие стратегическим документам планирования	90
Еспаев Е.М. Вопросы развития экологического аудита	98
Жумағалиев Е.Т. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы тиімділік аудиті және инфрақұрылымды жаңғыртуға бюджет қаражатын пайдалану	102
Капан Н.М. Цифровизация государственного аудита в агропромышленном комплексе: вызовы и перспективы	104
Құсан Н.А. Государственный аудит в повышении эффективности управления государственным долгом на местном уровне: казахстанский опыт	110

Наурыз Д.А. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдіру: шетелдік және отандық тәжірибе	117
Нурмагамбетова А.С. Сыртқы мемлекеттік аудиттің ашықтығын арттырудағы тәуекелдерді басқару жүйесінің рөлі	122
Ондасын А.Е. Цифровизация государственного аудита: современные подходы и перспективы	130
Өмірзақ.М.Е., Олжабаева.А.М. "Қазатомөнеркәсіп" ұақ "ақ қызметіндегі қателер мен жосықсыз әрекеттер: аудиторлық тәуекелдерді және бақылау шараларын талдау	140
Сакенова Г.Б. Рассмотрение международного опыта аудита эффективности реализации политики социального обеспечения в сфере продуктивной занятости Казахстана	146
Сембиев А.Н. Международный опыт развития социального аудита	152
Серікова А. Р. Энергетика саласындағы тиімділік аудиті	154
Сапархан Д.Б Қазақстан республикасының басқару жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің рөлі	160
Сейфуллин О.Т. Развитие национальной системы сертификации государственных аудиторов как фактор повышения качества государственного аудита	168
Секция 3. Актуальные проблемы экономики в обеспечении национальной безопасности	
Анапия Н. Ж. Передача субъектов квазигосударственного сектора в конкурентную среду как инструмент снижения доли участия государства в экономике	174
Бақытжанова С. Б. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлі	178
Есенбек Ч.Н. Влияние уровня финансирования науки на конкуретоспособность национальной экономики	181
Жаксылык С. Е. Жилищно-накопительная система: зарубежный опыт и практика внедрения в Казахстане	188
Жасұланова А. Б. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа және мақсатсыз шығындарға қарсы күрестегі мемлекеттік аудиттің рөлі	195
Жетпісова А.Е. Бухгалтерлік есепте әділ құнды қолдану: мәселелер мен мүмкіндіктер	202
Касенова А.К. Удаленный аудит: технологические вызовы и решения	208
Комекбаев Е. Е. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі экономиканың өзекті мәселелері	212
Мишкель И. А. Влияние киберугроз на экономическую стабильность и национальную безопасность	219
Танатова А. Қазақстан экономикасындағы ішкі аудитті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері	225
Темирбек А. Т. Оценка влияния бухгалтерских ошибок на достоверность финансовой отчетности	233
Бекболсынова А.С. Стратегия налогового администрирования Республики Казахстан в условиях турбулентности экономики	239
Секция 4. Современные тенденции развития государственного аудита, учета и финансового менеджмента в странах Европейского союза	
Бекбосынова Л.Ж. Жабдықтаушылармен есеп айырысу есебі және ішкі бақылаудың негізгі теориясы	245
Ерниязова А.Р., Қаратаева Н.О., Боган А.А Цифравизация государственного аудит в странах ЕС: Как технологии помогают проверять финансы	252

Губарь С.А. Организация аудиторской деятельности в Республике Беларусь	259
Жахметова А.К., Шахарова А.Е. Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылаудың шетелдік тәжірибесі	264
Zhartybek D.B. From E-Salyq business to SAF-T: A Towards international Tax accounting standards	271
Каримова А.Х. Современное состояние учета расчетов с бюджетом в Казахстане	280
Оразбай М.А. Система внутреннего аудита в управлении рисками мошенничества в государственных органах	284
Оралбай А.М. Нормативно-правовое регулирование бухгалтерского учета и аудита амортизационной политики	289
Өмірзақ М.Е. Трансформация аудита под влияние искусственного интеллекта	297
Серикова М.А., Сембиева Л.М., Бектемир Х. Европейский опыт в формировании экологоориентированной модели государственного аудита	305
Башу З.Р., Буртебаева А.А., Оралова А Улучшение механизмов государственного аудита для оценки качества и управления природными ресурсами: опыт европейского союза	309
Сутбай А.К. Проблемы и перспективы реализации учетной и контрольной функций в современных экономических системах	314
Усеев С.Ж Современные подходы к аудиту и консалтингу в строительстве: анализ практик стран ЕС	320
Тасболатов А.Е. Стратегический аудит эффективности бюджетных средств в автодорожной отрасли Республики Казахстан	324
Машаева А.Ж., Жупышева А.О Стратегический аудит обеспечения водной безопасности в Республике Казахстан	337
Мухамедьярова Л.Р. Государственный аудит как инструмент контроля и повышения эффективности управления внебюджетными фондами	346
Сембиева Л.М., Саденова Г.С. Ключевые аспекты аудита в сфере спорта	355
Улыбышев Д.Н. Жайлауов Е.Б. Бектлеева Д.Е. Совершенствование методологии оценки эффективности использования национальных ресурсов	349
С.В.Биякин Учет лизинга в соответствии с IFRS 16 в казахстанской компании: опыт и практические аспекты	358
Алтынбек Т., Темірлан Т. Қонақ үй табыстылығын басқарудағы түнгі аудиттің рөлі	364
Жұман Ғ.С. Современные подходы к учету доходов в малом и среднем бизнесе	367
Шахарова А.Е. Концепция оценки влияния эффективного использования национальных ресурсов на качество жизни населения и национальную безопасность казахстана	372
Ирисбекова М.Н. Актуальные вопросы экономической безопасности региона	375

сонымен қатар қоғам мен экономика үшін қажетті әрі маңызды шара болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы мен өзге де нормативтік актілер аудиттің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті талаптарды белгіледі. Бұл заңнамалар міндетті аудитті тек қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеріп қана қоймай, сондай-ақ еліміздің экономикалық дамуындағы сенімділікті арттыру үшін де маңызды рөл атқарады. Сондықтан, аудит саласының ел экономикасындағы орны ерекше және оның дамуы – қаржы секторында тұрақтылық пен ашықтықты қамтамасыз етудің басты факторы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 20.11.1998ж. №304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304>
2. ISBN 5-16-002517-0 Шеремет А.Д., Суиц В.П. Аудит – М.: ИНФРА – М, 1995, С.448 <http://www.pravobooks.ru/pravolibrarypdf/pdf/audit.pdf>
3. 2021 жылғы Халықаралық аудит стандарттары file:///C:/Users/kdmec/Downloads/227b2bf3503cc9e42ded90da9bd00f3a_original.19461643.pdf
4. «KEGOC» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамы 2023 жылдық есебі <https://www.kegoc.kz/upload/iblock/cd6/imaou20aze1wqpqxbd8zumv6m2fb4nrm.pdf>

АУДИТОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІЛІКТІ БАҒАЛАУ

Мырзабек Г. М., Алибай А. Д.

Жетекшісі: Алибекова Б. А., э.ғ.к, профессор

Қазақстан Республикасы, Астана қ. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Мемлекеттік аудит» ББ 2 курс студенттері
E-mail: aidanaalibai@mail.ru , myrzabekgulzhan@gmail.com

Аннотация: Аудиторлық тәуекел — бұл аудитор тексеру барысында қаржылық есептіліктердегі маңызды қателіктерді немесе бұзушылықтарды анықтамай, қате аудиторлық қорытынды жасайтын ықтималдылық. Заманауи экономикада, бизнес құрылымдары күннен күнге күрделеніп, қаржылық ағымдар сан қырлы болып келе жатқанда, осы қауіптерді тиімді бағалау және басқару аудиторлар үшін аса маңызды болып табылады. Осы мақалада құрамына бірқатар негізгі кәсіпорындар кіретін Қазақстандағы ең ірі холдингтердің бірі — «Самұрық Қазына» мемлекеттік кәсіпорының мысалға келтіре отырып, аудиторлық тәуекелдің негізгі түрлері, оларды бағалау әдістері және есептеу үлгілері талданады.

Кілт сөздер: аудит, тәуекел, қаржылық есеп, бақылау тәуекелі, анықталмау тәуекелі, аудит әдістері.

Аннотация: Аудиторский риск — это вероятность того, что аудитор не выявит существенные ошибки или нарушения в финансовой отчетности и

сделает неверное аудиторское заключение. В современной экономике, где бизнес структуры становятся все более сложными, а финансовые потоки — многогранными, эффективная оценка и управление этими рисками является очень важным для аудиторов. В данной статье анализируются основные виды аудиторского риска, методы их оценки и модели расчета на примере государственной компании «Самрук-Казына», одного из крупнейших холдингов Казахстана, в состав которого входит ряд ключевых предприятий.

Ключевые слова: аудит, риск, финансовая отчетность, риск контроля, риск неопределенности, методы аудита.

Abstract: Audit risk is the probability that the auditor will not detect significant errors or violations in the financial statements and will make an incorrect audit opinion. It is important for auditors to properly assess and reduce this risk. In the modern economy, where business structures are becoming increasingly complex and financial flows are multifaceted, effective assessment and management of these risks is critically important. This article analyzes the main types of audit risks, methods of their assessment, and calculation models, with a focus on the example of the state-owned company "Samruk-Kazyna," one of the largest holdings in Kazakhstan, which includes a number of key enterprises.

Keywords: audit, risk, financial reporting, control risk, uncertainty risk, audit methods.

ҚР компанияның қаржылық есептілігі, халықаралық аудит стандарттарына сәйкес тексеруге жатады. Бұл тұрғыда компанияның аудитін жоспарлаудың ең маңызды пункті аудиторлық тәуекелді анықтау, бағалау және талдау болып табылады [1]. Бұл тәуекелдер компаниялардың қаржылық тұрақтылығына тура әсер етеді. Мәселен, «Самұрық-Қазына» АҚ — Қазақстандағы ең ірі холдингтердің бірі болып табылады, оның қаржылық есептілігінің толыққандылығы экономиканың тұрақтылығы үшін маңызы зор болып келеді [2].

Аудиторлық тәуекелді бағалаудың біртұтас тәсілі - оның өз бетінше түсіндірілу мүмкіндігін болдырмау, сондықтан да аудиторлық тәуекелді анықтау және бағалау саласындағы стандарттау өте маңызды. Осыған орай 200 - Халықаралық аудит стандарттары тек тәуелсіз аудитордың жалпы мақсаттары мен міндеттері, аудиттің сипаты мен көлемін ғана емес, сонымен қатар тәуекел түсінігін ашады. Аудиттің мақсаты — аудиттелетін кәсіпорынның қаржылық есептілігінің сенімділігі туралы пікір білдіру болғандықтан, мұндай пікір білдіру белгілі бір тәуекелмен байланысты [3].

Аудиторлық тәуекелдер бірнеше негізгі түрлерге бөлінеді: ішкі және сыртқы тәуекелдер. Ішкі тәуекелдер деп кәсіпорынның қаржылық есептілігінің дұрыс жасалмауын айтатын болсақ, сыртқы тәуекелдер аудит барысында туындауы мүмкін қиындықтар жайлы айтылады.

Кесте 1. Аудиторлық тәуекелдердің жіктелуі

Тәуекел түрі	Сипаттамасы
Ішкі тәуекелдер	Қаржылық есептіліктің бұрмаланып жасалуы, басшылықтың жалған ақпарат беруі
Сыртқы тәуекелдер	Аудитордың тәжірибесінің жеткіліксіздігі, тексеру әдістемесінің әлсіздігі
Реттеуші тәуекелдер	Заңнаманың өзгеруі, нормативтік талаптардың қатаңдауы
Технологиялық тәуекелдер	Есептілікті автоматтандырудың әлсіздігі, IT-жүйелердің бұзылуы

Ескерту: Дереккөз [4] Кенжебеков Қ. Аудит негіздері. – Алматы: Экономика, 2021.

Аудиторлық тәуекел аудит тексерісінен өтетін кәсіпорынның мәлімдемелерінің нақтылығы туралы аудитордың қате пікірінің тәуекелін бағалауға арналған. Есептердің елеулі бұрмалану тәуекелін және жалпы есептердегі қателер мен бұрмалауларды анықтамау тәуекелін анықтау нәтижесінде жалпы есептер бойынша аудитордың қате пікір пайымдау фактісі туындауы мүмкін [5].

«Самұрық-Қазына» АҚ мысалында бірнеше аудиторлық тәуекелдерді атап өтуге болады:

Қаржылық есептілікті манипуляциялау тәуекелі: Аудиторлық қызмет және қаржылық есептілік ғылыми-зерттеу институты 2023 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кәсіпорынының қаржылық есептілігін зерттеген болатын. Талдау нәтижесі бойынша 21% жағдайда бухгалтерлік есепте бұрмалану белгілері табылып, 12% жағдайда бұрмалаушылық ықтималдығы жоғары болып есептелген. Бұл бухгалтерлік есеп жүйесі әртүрлі себептермен бұрмалану қаупінің жоғары екенін және бұл аудиторлық тексерудің қорытындысының дұрыстығына елеулі өзгеріс енгізуі мүмкін екенін көрсетеді [7].

Ұйымдағы ішкі бақылау жүйесін жеткіліксіздігі тәуекелі: Ішкі бақылау жүйесінің барлық бұрмалаушылықтардың алдын алу мүмкіндігі төмен болып саналады. «Самұрық-Қазына» АҚ бұл жүйенің аудиторлық тәуекелге әсері зор болғандықтан, оны жетілдіру жолында шаралар қолдануда. [8].

Тексерудің жеткіліксіздігі және қате анықтау тәуекелі: Аудиторлық процедура барысында қаржылық біртегіс операциялар мен ішкі бақылау жүйелерін толықтай тексермеу немесе бұрмалаушылықтарды анықтай алмау деп есептеледі. Сонымен қатар, тексеру нәтижелерін дұрыс талдамау есептіліктің сенімділігі туралы қате қорытындыларға әкеліп, қате анықтау тәуекелін арттырады [3].

Аудиторлық тәуекелді бағалаған кезде сандық және сапалық әдістерді қолдануға болады. Сапалық әдіс клиенттің тиісті біліміне негізделген аудиторлық тәуекелді анықтаудан тұрады. Ол есептілікті тұтас немесе транзакциялардың әрбір тобы үшін пайдалану арқылы жүзеге асырылады және бұл бағалау жоспарлау кезінде қолданылады. [6] Сандық әдісте аудиторлық тәуекелді бағалау үшін келесі формула қолданылады::


Аудиторлық тәуекел = АТ × БҚТ × БАТ, мұнда:

АТ – ажырамас тәуекел;

БҚТ – бақылау құралдарының тәуекелі;

БАТ – байқай алмау тәуекелі [3].

Аудиторлық тәуекелдің құрастырушы компоненттерінің бір-бірімен байланысын келесі суреттен байқауға болады (сурет 1).



Сурет 1. Аудиторлық тәуекелдің құрастырушы компоненттерінің бір-бірімен байланысының моделі.

Мысал ретінде, егер "Самұрық-Қазына" кәсіпорынында аталған тәуекелдерді келесі деңгейде бағалайық [9]:

"Самұрық-Қазына" тәріздес ірі кәсіпорындарда көптеген инвестициялық жобалар мен мемлекеттік тапсырыстар жүргізіледі. Сондықтан бұл тәуекел жоғары болуы мүмкін, біз ажырамас тәуекел = 0,4 (жоғары тәуекел) деп алдық.

"Самұрық-Қазына" АҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі қаншалықты жоғары болса, соншалықты аудиторлық тексеру барысындағы аудитордың тәуекелі төмендей түседі. Мысалымызда, бақылау құралдарының тәуекелі = 0,5 (орташа тәуекел) деп қарастырайық.

Анықталмау тәуекелі аудит көлеміне, әдістеріне және ақпараттың қолжетімділігіне, сонымен қатар аудитордың тәжірбиесіне байланысты болады. Сол себептен анықталмау тәуекелі = 0,3 (төмен тәуекел) деп алдық.

Осы мәліметтер бойынша аудиторлық тәуекелді есептейтін болсақ:

$$\text{Аудиторлық тәуекел} = 0,4 \times 0,5 \times 0,3 = 0,06 \times 100\% = 6\%$$

Алынған нәтиже келесі жағдайды сипаттайды: егер аудитор 100 ұйымда тексеру жүргізген болса, онда тек 6 жағдайда ғана аудитор қателесуі мүмкін де, қалған уақытта есептіліктің шынайылығы жөніндегі пікірі дұрыс болмақ.

Аудиттегі тәуекелдерді басқарудың тиімділігін арттыру

Тәуекелдерді басқару — бұл кәсіпорындардың қаржылық есептілігіндегі мүмкін болатын қателіктер мен бұрмалауларды азайтуға бағытталған арнайы әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылатын нақты қызмет түрі. Тәуекелдерді басқару аудит нәтижесінің сапасын арттыруға себебін тигізеді.

Бақылау – бұл басқарудың бір функциясы. Бұл келесі аспектілерді қамтиды [10]:

1. **Аудиттің бастапқы кезеңдерінде тәуекелдерді бағалау**, бұл маңызды аспектілерді анықтауға және қателіктер болған жағдайда тексерудің алғашқы кезеңдерінде төмендету.

2. **Халықаралық стандарттар мен әдістемелерді пайдалану** аудиторлық тәуекелдерді объективті бағалауда маңызды орын алады.

3. **Тәуекелдерді ықтималдығына және ықтимал әсеріне қарай бөлу**. Бұл аудиторға ең маңызды және қауіпті салаларға аса назар аударып, басымдықтар қоя білу.

4. Сонымен қатар, аудит мамандарының біліктілігін арттыруға ерекше назар аудару қажет, бұл олардың тәуекелдерді тиімді анықтап, басқару қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Тиімділікті арттыруда тәуекелдерді басқару құралдары маңызды рөл атқарады. Мысалы, қаржылық деректерді талдау және бағалау үшін арнайы бағдарламалық шешімдерді қолдану бұрмалауларды анықтау процесін айтарлықтай жылдамдатуға және аудит жұмысының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытырдылай келе, аудиторлық тәуекелдерді дұрыс бағалау – қаржылық есептіліктің сенімділігін қамтамасыз етудің елеулі факторы болып табылады. «Самұрық-Қазына» АҚ мысалында көрсетілгендей, тәуекелдерді дұрыс бағалау және басқару кәсіпорынның экономикалық тұрғыда тұрақты екендігін көрсетеді. Талдауға салған бағалау әдістері аудит тиімділігін арттыруда елеулі орын алады. Жұмысы дұрыс қойылған тәуекелді басқару жүйесі аудиторлық тәуекелдерді дер кезінде анықтап, төмендетуге, компанияның қаржылық есептілігінің сенімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Аудиторлық тәуекелдерді төмендету үшін ішкі бақылау жүйесін күшейту және кәсіби аудит процедураларын дамыту ұсынылады. Болашақта аудиторлық тәуекелдерді одан әрі азайту үшін технологиялық инновацияларды енгізу қажеттігі туындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. 2021 жылғы Халықаралық аудит стандарттары
2. Қазақстан Республикасының 20.11.1998 ж. №304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы.
3. Кенжебеков Қ. Аудит негіздері. – Алматы: Экономика, 2021.

4. Дмитриева И.М. «Аудиторские риски и их оценка в современной экономике» - Научно-исследовательский журнал «Экономические исследования и разработки» г. Нижний Новгород 09.03.2024
5. Кошечая Т. И. Компоненты аудиторского риска и процедуры его оценки//Форум молодых ученых. 2018. №5-2 (21). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/komponenty-auditorskogo-riska-i-protsedury-ego-otsenki>
6. Достоверность финансовой отчетности компаний Самрук-Казына. HTTPS://AUDITING.KZ – 20.02.2024
7. Политика по управлению рисками и внутреннему контролю ао «Samruk-Kazyna construction». https://sk.kz/investors/AR-2023_SC/039-upravlenie_riskami_i_vnutrennij_kontrol.php
8. Samruk-Kazyna қаржылық есептілігі бойынша жылдық есеп. – 2024.
9. Хасанова, М. А., & Мамбетова, М. Б. (2020). Управление рисками в аудите: современные подходы и методы. *Журнал аудиторской практики*, 12(3), 45-59.
10. International Auditing and Assurance Standards Board (IAASB). (2020). International Standard on Auditing (ISA) 315: Identifying and Assessing the Risks of Material Misstatement. Retrieved from <https://www.ifac.org>.

FOREIGN EXPERIENCE OF ENVIRONMENTALLY ORIENTED STATE AUDIT

Alibekova A. B, Sembieva L.M., Ersaiynova M.

Abstract. This research paper explores foreign experience in the field of environmentally oriented state audit, which has continued to develop in recent years, especially in the context of combating climate change and ensuring social responsibility. Particular attention is paid to new environmental audit methodologies developed in European countries such as Germany and France, which focus on the assessment of carbon emissions and the use of renewable energy sources. Also considered is a case study from China, where an innovative approach to environmental compliance monitoring through a natural resource audit system has been introduced, which has played a key role in reducing pollution and improving environmental quality. The article emphasizes the importance of environmentally-oriented state audit as a tool aimed at assessing compliance with environmental norms and standards, as well as minimizing the impact of economic activities on nature. The author analyzes the experience of countries such as Germany, France, Canada and China, where environmental auditing has become an integral part of state administration and is used to assess and improve environmental policy, natural resource management and reduce the impact of industry on the environment.

The article pays special attention to the role of environmentally oriented state auditing in the context of the implementation of the 2030 Agenda for Sustainable Development goals adopted by the UN. Environmental auditing in this area is seen as a key tool for achieving sustainable development, ensuring transparency and